

«Егемен Қазақстан»
Республикалық газеті» АҚ
Директорлары Кеңесінің
29.12.2011 жылғы
№ 6 хаттамасының шешімімен
Бекітілді

**«Егемен Қазақстан»
Республикалық газеті»
акционерлік қоғамының тәуекелдерін басқару
ЕРЕЖЕСІ**

**Астана қ.
2011 жыл**

1. Жалпы ережелер

1.1. «Егемен Қазақстан» Республикалық газеті» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Қоғамның абыройы мен құнына жағымсыз әсер етуі мүмкін тәуекелдер бойынша уақытылы сәйкестендіру және іс-шаралар қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің шешуші құрауыштары ретіндегі тәуекелдерді басқару маңыздылығын түсінеді.

1.2. Осы Тәуекелдерді басқару жөніндегі ереже (бұдан әрі – Ереже) Қоғам қызметін реттейтін басқа да ішкі нормативтік актілерге сәйкес әзірленді.

1.3. Ереже тәуекелдерді сәйкестендіру мен бағалауды жүргізудің тәртібін, үдерістерін, әдістемесін, сонымен қатар тәуекелдерді басқару әдістерінің ағымдағы тәуекелдері мен тиімділік мониторингісін анықтайды. Тәуекелдерді неғұрлым бөлшектік бағалау Қоғамның жекелеген тәуекелдерін басқаруды реттейтін құжаттарда берілген.

1.4. Тәуекелдерді сәйкестендіру және қолдағы тәуекелдерге шынайы объективті көзқарастың болуы Қоғам алдына қойылған мақсаттарға қолжеткізуге ықпал ететін тәуекелдерді тиімді басқару негіздерінің бірі болып табылады.

1.5. Тәуекелдерді сәйкестендіру Қоғам және оның әр қызметкері алдына қойылған міндеттер мен мақсаттарға қол жеткізуге жағымсыз әсер етуі мүмкін қайшы оқиғаларды тіркеу мен мәлімдеу, сондай-ақ тәуекелдерді басқару үдерісін жетілдіру қажеттілігі мен бағытын анықтауға арналған құралды ұсынады.

1.6. Тәуекелдерді сәйкестендіру тәуекелдер мен олардың негізгі сипаттамаларына шолу арқылы қойылған мақсаттарға қолжеткізуге сенім деңгейін арттыру, тәуекелдердің бір-бірімен өзара байланысын анықтауға, Қоғам тәуекелдерінің деңгейін саралау, тәуекелдер мен оларды басқару әдістері туралы хабардар болуды арттыру, сонымен қатар ең қиын тәуекелдерге назарларын шоғырландыру мүмкіндігін береді.

1.7. Ереже нормаларын сақтау барлық құрылымдық бөлімшелер, алқалық органдар мен Қоғам қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

2. Негізгі түсініктемелер

2.1. **Тәуекелді сәйкестендіру** – барысында Қоғамға әсер ететін тәуекелдерді анықталатын үдеріс.

2.2. **Тәуекел картасы** – бір «белдігінде» тәуекелдің мәні немесе әсер ету күші, ал екіншісінде пайда болу мүмкіндігі немесе жиілігі көрсетіліп, тік бұрышты кестеде орналасқан Қоғам тәуекелдерінің шектеулі санының графикалық немесе мәтіндік сипаттамасы. Картадағы мүмкіндік немесе жиілік тік белдікте, ал әсер ету күші мен мәні – көлденең белдікте көрсетіледі. Бұл жағдайда тік белдік бойынша қозғалу барысында тәуекелдің пайда болу мүмкіндігі төменнен жоғарыға артады, ал тәуекелдің әсері көлденең белдік бойынша солдан оңға қарай жылжиды.

2.3. **Тәуекелді сапалық бағалау** – субъективтік (сараптамалық) бағалау жолымен тәуекелдердің сипаттамасын анықтау үдерісі.

2.4. **Тәуекелді сандық бағалау** – есептің математикалық әдісін қолдану арқылы әзірленген математикалық моделдің негізінде тәуекел сипаттамасын анықтау үдерісі;

2.5. **Тәуекелді бағалау** – тәуекелдің сипаттамасын анықтайтын/есептейтін үдеріс.

2.6. **Тәуекел тізілімі** – Қоғам түйсетін барлық тәуекелдердің жүйеленген тізбесі.

2.7. **Тәуекел** – Қоғаммен белгіленген мақсаттарға қол жеткізуге жағымсыз әсер етуі мүмкін сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен жағымсыз оқиғаның басталу мүмкіндігі.

2.8. **Тәуекелдерді басқаруға жауапты бөлімше** – Қоғамның қаржы тәуекелдерін басқару жүйесінің жағдайына жауапты Экономика, қаржы, бухгалтерлік есеп және материалдар қызметі (бұдан әрі – ЭҚБЖМҚ) – Қоғамның құрылымдық бөлімшесі, ол тәуекелдерге бағалауды жүргізеді, Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшелерімен жұмысты үйлестіреді, ай сайын, тоқсан сайын Басқармаға Қоғамдағы тәуекелдер деңгейі туралы ақпаратты ұсынады, Қоғамның Директорлар кеңесі үшін жыл сайын Қоғамның тәуекелдерін басқару жүйесінің жағдайы туралы есеп дайындайды.

3. Тәуекелдерді басқару жүйесі

3.1. Қоғам ұйымға әсер етуі мүмкін әлеуетті оқиғаларды сәйкестендіреді және олардың мүмкіндіктер немесе тәуекелдер екендігін анықтайды. Кері әсері бар оқиғалар бағалау мен әсер етуді талап ететін тәуекелдер болып табылады. Оң әсері бар оқиғалар мақсаттарды қою және стратегияны әзірлеу үдерісінде ескерілетін мүмкіндіктер болып табылады. Оқиғаларды сәйкестендіру кезінде барлық ұйым ауқымында мүмкіндіктер мен тәуекелдерді тудыруы мүмкін түрлі ішкі және сыртқы факторлар қарастырылады.

3.2. Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің әр қызметкері Қоғамның және оның ішінде Қоғамның әр қызметкерінің алдына қойылған мақсат пен міндеттеріне қол жеткізуге әсер ететін тәуекелдерді сәйкестендіреді және тұрақты негізде бағалайды. Әр қызметкер белгілі тәуекелдер туралы өз болжамын сұраулар тізімінде немесе Қоғам тәуекелдерін бағалау мен сәйкестендіруге бағытталған ЭҚБЖМҚ-мен жүргізілетін түрлі іс-шаралар барысында көрсетеді.

4. Тәуекелдерді сәйкестендіру

4.1. Тәуекелдерді сәйкестендіру үшін әртүрлі әдістер мен аспаптар комбинациясы қолданылады. Оқиғалар бұрынғы тәжірибе көзқарасынан, сондай-ақ алдыңғы болуы мүмкін оқиғалар көзқарасы тұрғысынан сәйкестендіріледі. Негізгі әдістемелер төменде сипатталған.

4.2. Тәуекелдерді қойылған мақсаттар мен міндеттер негізінде сәйкестендіру: қойылған мақсаттар немесе үйлестірілген көрсеткіштер жүйесі негізінде оларға қол жеткізуге әсер ете алатын әлеуетті оқиғалар анықталады. Оқиғалар сәйкестендіріледі, және осы негізде тәуекелдер тіркелімі – Қоғамға қатысты тәуекелдер тізімі құралады (немесе түзетіледі немесе толықтырылады).

4.3. Салалық және халықаралық салыстырулар: тәуекелдер тіркелімі салалық мамандану немесе функционалдық қызмет бойынша Қоғамға ұқсас ұйымдарға тән әлеуетті оқиғалар тізбесі негізінде құралады.

4.4. Семинарлар мен талқылаулар: тәуекелдер тіркелімі Қоғам қызметкерлерімен мақсаттарын құру және оған қол жеткізуге әсер ете алатын әлеуетті оқиғаларды талқылауды ұйымдастыру (миға шабуыл, дөңгелек үстел және т.б.) негізінде жасалады. Мұндай талқылаулар тұтастай Қоғамға және осындай әрбір бөлімше қызметіне әсер ететін оқиғаларды (тәуекелдерді) айқындау үшін әрбір құрылымдық бөлімше аясында өткізілуі мүмкін, одан кейін қорытындылары ортақ тәуекелдер тіркеліміне кіріктіріледі (немесе бар тәуекелдер тіркелімі толықтырылады/түзетіледі).

4.5. Сұхбат жүргізу: қазіргі мен әлеуетті тәуекелдерді және оларды басқару жолдарын ашық талқылау үшін Қоғамның шешуші қызметкерлерімен (сарапшылармен) мақсатты сұхбат жүргізіледі. Әдетте мұндай сұхбат түрлері Қоғамның құрылымдық бөлімше басшыларымен жүргізіледі.

4.6. Болған шығындардың деректер базасы: Қоғам болған шығындардың тұрақты мониторингісін жүргізеді, олар туралы ақпарат Қоғам қызметіне кері әсері бар оқиғаларды сәйкестендіру мүмкіндігін береді. Одан өзге, болған шығындардың деректер базасы тәуекелдерді сандық бағалауға жақсы негіз болып табылады. Деректер базасы Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің есептілігі негізінде құралады, сол сыяқты сыртқы көздерден алынған деректерді құрауы алады.

4.7. Сәйкестендірілген оқиғалар мен тәуекелдер №1 Қосымшаға сәйкес Тәуекелдер тіркелімі нысанында жүйеленеді. Тәуекелдер тіркелімінің талдап тексеру деңгейі мен нысаны тәуекелдерді басқару жүйесінің дамуына қарай өзгеруі мүмкін. Тәуекелдер топтамасы тәуекелдер табиғатына, олардың өзара байланысына, сондай-ақ басқа факторлар негізінде жүзеге асырылуы мүмкін (мысалы, тәуекелдерді басқарудың нақты әдістерін қолдану).

4.8. Сәйкестендірілген тәуекелдерді жүйелендіру:

1) Қоғам тәуекелдерінің сұлбасын салыстыруды жақсарту алатын тәуекелдерді сандық бағалауы мен топтастыру кезектілігіне жету (бизнес-үдерістер, құрылымдық бөлімшелер, жобалар және т.б. бойынша);

2) Тәуекелдерді сандық бағалау технологиялары мен ерекше күрделі аспаптарын құрастыруға арналған тұғырнамасын ұсынуға;

3) Қоғам тәуекелдерін келісілген басқару мен бақылау мүмкіндігін ұсыну мүмкіндігін береді.

4.9. Қоғамның Тәуекелдер тіркелімі Қоғам тәуекелдердің негізгі санаттары бойынша таратылған, сондай-ақ тәуекелдің мүмкін болатын

таратылуының әртүрлі сценариілерінен тұратын Қоғам өз қызметінде түйісетін тәуекелдер тізбесінен тұрады.

4.10. Тәуекелдерді топтастыру үшін келесі санаттар бойынша тәуекелдер топтамасы қолданылады:

1) несиелік тәуекел – дебитордың Қоғам алдындағы міндеттемелерін орындамау тәуекелі, соның ішінде дебитор дефолтының туындау тәуекелділігі. Осы анықтама шеңберінде несиелік тәуекелдің тасушысы ең алдымен несиелеудің тікелей және тікелей емес келісімдері (тікелей тәуекел) және сатып алушы тарапынан алдын-ала төлемсіз активтерді сату/сатып алу жөніндегі келісімдер болып табылады;

2) өтемпаздықты жоғалту тәуекелі – Қоғамның өз міндеттерін толық көлемде орындауды қамтамасыз етуге қабілетсіздігі салдарынан шығынның пайда болу мүмкіндігі.

4.11. Тәуекелдерді басқару жүйесінің осы кезеңдегі негізгі нәтижесі Қоғам тәуекелдерінің тіркелімін жасау болып табылады.

4.12. Тәуекелдер тіркелімі жыл сайынғы негізде және/(немесе) қазіргі тәуекелдің жаңа немесе өзгерген мәртебесін сәйкестендіру кезінде Қоғамның құрылымдық бөлімшелерімен берілетін тәуекелдердің түсуіне қарай қайта қаралады, нақтыланады немесе толықтырылады. Тәуекелдер тіркеліміне қабілетті ұстайтын деңгейден жоғары әлеуетті әсер етумен және оның ЭҚБЖМҚ іске асырудағы жоғары мүмкіндігімен қазіргі тәуекелдің жаңа немесе өзгерген мәртебесін енгізген кезде, мұндай тәуекел туралы ақпаратты оны азайту туралы ұсынысымен бірге Қоғам Басқармасының назарына жеткізеді.

5. Тәуекелдерді бағалау

5.1. Қоғамның тәуекелдерді бағалауы алдына қойылған мақсаттарды жүзеге асыру жолындағы әлеуетті тәуекелдің әсерін талдауға мүмкіндік береді. Тәуекелдер мүмкіндігінше сандық және сапалы әдістер жиынтығын қолдана отырып, олардың пайда болу және әсер ету жиілігі немесе мүмкін болу көзқарасы тұрғысынан бағаланады. Әлеуетті тәуекелдердің оң және теріс әсері жеке немесе барлық Қоғам көлеміндегі өзара байланыс арқылы бағалануы тиіс.

5.2. Тәуекелдерді бағалау үдерісі Қоғам қызметіне және оның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге кері әсер етуі мүмкін аса маңызды тәуекелдерді айқындау мақсатында жүргізіледі.

5.3. Бастапқыда тәуекелдерді бағалау сапалы негізде жүргізіледі, содан кейін аса маңызды тәуекелдер үшін сандық бағалау жүргізілуі мүмкін. Сандық бағалауға берілмейтін немесе моделдеу немесе мұндай модельдерді құру үшін сенімді статистикалық ақпараты жоқ тәуекелдер шығындар көзқарасынан мақсатты болып табылмайды, сапалық негізде ғана бағаланады. Сандық бағалау аса нақты аналитикалық мәліметтерді алуға мүмкіндік береді және тәуекелдерді қаржыландыру әдістерін әзірлеу кезінде аса пайдалы.

5.4. Тәуекелдің сапалық бағалауын жүргізуге дайындық кезеңінде мұндай бағалаудың негізгі параметрлері белгіленеді. Тәуекелдерді бағалау үш көрсеткіш бойынша жүргізіледі – тәуекел мүмкіндігі немесе жиілігі; тәуекел мөлшері және әсер ету уақыты. Тәуекелдердің өзара салыстырымдылығын қамтамасыз ету және сапалық бағалауды жеңілдету үшін балл шкаласы енгізіледі:

Тәуекел мүмкіндігі немесе жиілігі

Балл	Мағынасы	Тәуекел мүмкіндігі немесе жиілігі
1	Өте сирек	7 және одан аса жылдарда бір рет (немесе болу мүмкіндігі 5% дейін)
2	Сирек	5 жылда бір (немесе болу мүмкіндігі 25%)
3	Кейде	3 жылда бір (немесе болу мүмкіндігі 40%)
4	Жиі	Жылына бір рет (немесе болу мүмкіндігі 80%)
5	Өте жиі	Жарты жылда бір және жиі (немесе болу мүмкіндігі 95%-дан жоғары)

Тәуекелдің әсер ету уақыты

Балл	Әсер ету уақыты
1	Түзету үшін уақыт бар
2	Тәуекел әсері уақытша кешігуден айқындалады
3	Тәуекел дереу әсермен айқындалады

5.5. Тәуекел әсерін бағалау ақша көрсеткішінде жүргізіледі. Алайда, әсерін қаржы көрсеткіштерінде бағалау қиын тәуекелдер үшін (мысалы, персонал тәуекелдері, абыройлары және т.т.) салыстырмалы баллдардағы тәуекел мөлшерін көрсететін сипаттамалар енгізіледі.

Тәуекел мөлшері (қаржылық көрсеткіштер)

Балл	Мағынасы	Тәуекелдің басталуынан пайда болған әлеуетті шығын
1	Шамалы	жұмыстық ұстап тұратын мүмкіндікке дейін
2	Елеулі	ұстап тұратын мүмкіндігіне дейін
3	Ірі	минимум: өтемаздықты жоғалту 25%-ға дейін немесе табыстылықты жоғалту 50%-ға дейін
4	Сынды	минимум: табыстылықты толық жоғалтуға дейін немесе жеке капиталын 25%-ға дейін жоғалту
5	Апатты	минимумнан бастап: табыстылықты толық жоғалту немесе жеке капиталының 25% жоғалту

Тәуекелдер әсерінің қаржылық емес көрсеткіштері (мысал)

Ұпай	Әсер ету дәрежесі	Тәуекелдің басталуынан болатын әлеуетті шығын
1	Шамалы	Тәуекелді жүзеге асыру жағдайында қандай да бір салдардың жоқтығы
2	Төмен	Тәуекелді жүзеге асырудан болатын елеусіз салдарлар
3	Орта	Тәуекелді жүзеге асырудан болатын салдарлар елеусіз және толық түзетілген болуы мүмкін
4	Елеулі	Тәуекелді жүзеге асырудан болатын салдарлар өте елеулі, бірақ белгілі дәрежеге дейін түзетілуі мүмкін
5	Апатты	Тәуекелді жүзеге асыру жағдайында, компания осы тәуекелге байланысты салдардан іс жүзінде қалпына келе алмайды.

5.6. Тәуекел мөлшері (әсері), әсер ету уақыты және жиілігі (мүмкіндігі) бойынша тәуекелдер тіркелімі мен тәуекелдерді бағалаудың баллдық шкаласы Қоғамның шешуші қызметкерлеріне тәуекелдердің сапалы бағалауын жүргізу үшін жеткізіледі.

5.7. Тәуекелдердің сапалық бағасы негізгі қызметкерлермен мақсатты сұхбат ұйымдастыру арқылы немесе сарапшылардан ұйым үшін аса елеулі деп есептейтін тәуекелдерді анықтау, оларды берілген баллдық шкаласы арқылы бағалау, сондай-ақ оларды басқару бойынша ұсыныстар (ұсынымдар) беруін ұсынған сұрақ-жауап алу арқылы жүргізіледі. Екі әдістің жиынтығы қолданылуы мүмкін: Қоғам қызметкерлерін кеңейтілген сауалдама алу және Қоғам Басқармасының мүшелерінен өзге, құрылымдық бөлімше басшыларымен сұхбат ұйымдастыру.

5.8. Алынған қорытындылар өңделеді: әр тәуекел үшін сарапшылардың тұтас бағалауы негізіндегі тәуекел көрсеткіштері есептеледі, тәуекелдерге мағыналық коэффициент беріледі және соның негізінде тәуекелдер картасы құралады.

5.9. Тәуекелдің мағыналық коэффициенті келесі түрде есептеледі:

- **Мағыналық балл = (жиілік + жүзеге асыру уақыты) * әсер ету * салмақ,**

салмақ тәуекелді елеулі деп формула негізінде көрсеткен респонденттердің салыстырмалы саны негізінде анықталады, яғни:

- Салмақ = осы тәуекелді көрсеткен респонденттер саны/респонденттердің жалпы саны.

5.10. Тәуекелдер картасы әр тәуекелдің салыстырмалы мағынасын бағалауға (басқа тәуекелдермен салыстырғанда), сонымен қатар сынды болып

табылатын және оларды басқару жөніндегі іс-шаралардың әзірленуін талап ететін тәуекелдерді айқындауға мүмкіндік береді. Тәуекелдер картасын құру:

- Қоғамның барлық операцияларына қолданылуы мүмкін шеңбердегі тәуекелдерді ұстап тұру әлеуетін анықтау;

- Қоғамның сынды тәуекелдерінің тізімін әзірлеуге және оларды басқару бойынша тиісті үдерістердің болуын қамтамасыз ету;


- Тәуекелдер басымдылығын анықтауға және қаржы қорларын үлестіруді әзірлеу мүмкіндігін береді.

5.11. Тәуекелдер картасы түрлі түстермен белгіленген бірнеше облыстарға бөлінген.

- қызыл зона – пайда болу мүмкіндігі жоғары немесе қаржылық өміршеңдігіне әсер етуі мүмкін күрделі нұқсан әлеуетіне байланысты Қоғам үшін сынды болып табылатын тәуекелдер.

- сары зона – орташа пайда болу мүмкіндігі немесе қаржылық өміршеңдігіне орташа әлеуетті әсері бар тәуекелдер.

- жасыл зона – пайда болу мүмкіндігі төмен және (немесе) қаржылық өміршеңдігіне елеулі әсер етпейтін тәуекелдер.



5.12. Картаға тәуекел мөлшері (әсері) және пайда болу жиілігінің (мүмкіндігінің) көрсеткіштеріне сәйкес тәуекелдердің сәйкестендіру нөмірлері (Тәуекелдер тіркеліміне сәйкес) салынады.

5.13. Тәуекелдер картасы Қоғамның сынды тәуекелдерге шалдығуының графикалық бейнелеуін ұсынады және Қоғамның Директорлар кеңесі үшін және Қоғам Басқармасы үшін тәуекелдерді басқару жөніндегі есебіне міндетті қосымшасы болып табылады.

5.14. Тәуекелдер басымдылығы тәуекелдер картасындағы әр тәуекел айқындамасына сәйкес анықталады:

- 1 топ – апатты тәуекелдер – тәуекелдер картасының қызыл облысы – ең жоғары басымдыққа ие тәуекелдер;

- 2 топ – орташа тәуекелдер – тәуекелдер картасының сары облысы – басымдығы бойынша екінші тәуекелдер;

- 3 топ – төменгі тәуекелдер – тәуекелдер картасының жасыл облысы – компанияның ұстап тұру қабілеті шеңберіндегі тәуекелдер – мониторинг және бақылау.

5.15. Әр топтың ішінде тәуекелдер басымдығы тәуекел мәнінің балы негізінде анықталады.

5.16. 1 және 2 басымдық тобына енген тәуекелдердің әрқайсысы келесі факторлар негізінде бағаланады:

- тәуекелдердің пайда болу себептерін талдау;
- Қоғамның қаржылық көрсеткіштеріне тәуекелдің әлеуетті әсер етуін талдау.

5.17. Тәуекелдің сынды әсерінің мөлшері сандық бағалануы мүмкін. Картадағы тәуекелдің өзгеруі сәйкес сәйкестендіру нөмірінің ауысуы арқылы көрсетілуі мүмкін.

5.18. Сандық тәуекел нақты әр тәуекелдің пайда болуынан максималды мүмкін нұқсанның көрсеткіші негізінде бағаланады. Сандық бағалау үшін түрлі әдістер мен үлгілер қолданылуы мүмкін. Соның ішінде, төмендегілерді атап өтуге болады:

- Тәуекелдің пайда болуы нәтижесінде зақымдануы мүмкін мүлік бағасының базасындағы тәуекелдің сандық бағалауы. Мұндай үлгіде тәуекелдің пайда болу кезіндегі материалдық шығын сценарийлері құралады және соңында ауыстыруды немесе жөндеуді қажет ететін және зақымдалған болуы мүмкін мүліктің қалпына келтіру құны есептеледі. Әдетте операциялық тәуекелдерді сандық бағалау үшін қолданылады (техногендік апаттар, өрт және т.б. нәтижесіндегі мүліктің материалдық шығыны).

- алынбаған кірісті есептеу негізіндегі сандық бағалау. Тәуекелдің пайда болуы нәтижесінде өндірістің тоқтап тұру ұзақтығы бағаланады және бір күндік кірісі (немесе тұрақты кірісі) есептеледі. Осы көрсеткіштерді көбейту нәтижесінде тәуекелдің сандық бағасын аламыз. Әдетте мұндай бағалау жеткізілімдердің бұзылуы немесе өндірісті тоқтату тәуекелдерін бағалау үшін қолданылады.

- салыстырмалы талдау негізіндегі тәуекелдің сандық бағалауы. Тәуекелдің кейбір түрлерінен болған максималды шығынды бағалау, мысалы, экологиялық ластану үшін немесе зақым келтіру үшін жауапкершілік тәуекелдері қайсыбір формулалар арқылы есептелмейді және сондықтан осындай тәуекелдерді сандық бағалау үшін прецеденттік статистика қолданылады (салалық және аумақтық). Мұндай тәуекелдерді бағалау үшін әдетте олардың пайда болу сценарийлері және бұған (зақым шығынын көтеруге) тартылуы мүмкін жақтар, сондай-ақ мұндай тәуекелдің жалпы әсері бағаланады және осындай сценарийлерді жүзеге асыру кезіндегі шығын құны туралы белгілі ақпарат негізінде максималды мүмкін шығын

анықталады. Прецеденттік статистика сол сияқты компанияның түрлі құнды қағаздары мен акцияларының нарықтық бағасына қайсыбір тәуекелдердің әсерін бағалау кезінде қолданылады.

5.19. Көп жағдайда тәуекелдердің шүбәсіз сандық бағалануы үшін кейбір немесе жоғарыда аталған барлық әдістер жиынтығын немесе арнайы әзірленген әдістерді қолдану қажет.

5.20. Тәуекелдердің сандық бағасы нақты әр тәуекелдің мәнін түсіну үшін, мұндай тәуекелдерді басқару шығындарының тиімділігін бағалау үшін, сондай-ақ, тәуекелдің үшінші жаққа ауысуы кезіндегі шарт параметрлерін (шарттарын) анықтау үшін қажет. Сандық бағалаудың нақтылық деңгейі Қоғам қажеттіліктерімен айқындалады, бірақ кез-келген жағдайда мұндай баға Қоғам үшін тек қана бағдар, яғни «дәліз» ғана беретін болады. Тәуекелдердің сандық бағалауын жүргізу кезіндегі Қоғамның мақсаты – осы «дәліз» мүмкін болатын салдарлар оның шегінде төселуі үшін жеткілікті түрде кең ғана емес, сонымен бірге тәуекелді ауыстыру бойынша артық сомалар төлемеу үшін жеткілікті түрде жіңішке болуын қамтамасыз етуі керек.

5.21. Тәуекелдердің жүргізілген бағалауы тәуекелдер картасы мен тәуекелдер мәнінің көрсеткіштерін нақтылауға мүмкіндік береді, және соның негізінде Қоғамның сынды тәуекелдері – Қоғам ерекше назар аударуы тиіс және жедел түрде оларды басқару жөніндегі шешімдер қабылдануы тиіс тәуекелдер анықталады.

5.22. Тәуекелдерді басқару жүйесіндегі осы кезеңнің негізгі нәтижесі Қоғамның Директорлар кеңесінің мәлімдеуіне жеткізілетін Қоғамның сынды тәуекелдерінің тізімі болып табылады.

6. Тәуекелдер мен есептілік мониторингі

6.1. Әр тәуекел түрін бағалау және мониторинг әдістемесі, есептілікті ұсыну тәртібі оларды басқару жөніндегі Ережелерде көрсетілген.

6.2. Теңдестірілген (Тәуекелдер картасына енген), бірақ пайда болу мүмкіндігі төмен және (немесе) қаржылық өміршеңдігіне елеулі әсер етпейтін тәуекелдер мониторингтенбейді және бағаланбайды.

6.3. ЭҚБЖМҚ Қоғамның барлық бөлімшелерінің жұмысын үйлестіреді. Қоғамның несиелік тәуекелдерін басқару жүйесін суреттейтін блок-сызбанұсқасы №2 Қосымшада берілген. Қоғамның несиелік тәуекелдерін басқару жүйесін суреттейтін блок-сызбанұсқасы №3 Қосымшада берілген.

6.4. ЭҚБЖМҚ Қоғам Басқармасы үшін келесі тоқсанының 20 күнтізбелік күнінен кешіктірмейтін мерзім ішінде Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесінің жағдайы туралы әр тоқсандық есебін дайындайды.

6.5. ЭҚБЖМҚ Қоғамның Директорлар кеңесі үшін келесі жылдың 1-тоқсанынан кешіктірмейтін мерзім ішінде Қоғамдағы тәуекелдер жүйесінің жағдайы туралы жыл сайынғы есебін дайындайды.

7. Жауапкершілік

7.1. Тәуекелдерді бағалау және сәйкестендіру мәселелері бойынша ЭҚБЖМҚ бөлімше қызметіне жетекшілік ететін Қоғам Басқармасы Төрағасының орынбасарына есеп береді.

7.2. ЭҚБЖМҚ бөлімше қызметіне жетекшілік ететін Қоғам Басқармасы Төрағасының орынбасары Қоғамның сынды тәуекелдерін сәйкестендіру жөніндегі сұрақтарын, сондай-ақ оларды басқару туралы ұсыныстарын Қоғам Басқармасының қарауына шығарады, олар өз кезегінде сынды тәуекелдер жөніндегі сұрақтарын Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығарады.

7.3. Қоғамның құрылымдық бөлімшелері тәуекелдер туралы ақпараттың ЭҚБЖМҚ берілуіне жауапты.

7.4. Қоғамдағы тәуекелдерді бағалау және сәйкестендіру әдістерін жетілдіруге ЭҚБЖМҚ жауап береді.

Несиелік тәуекелді басқару бойынша блок-сызбанұсқасы



Қоғам тәуекелдерін басқару ережесінің № 3 қосымшасы

Өтімділікті жоғалтып алу тәуекелін басқару бойынша блок-сызбанұсқасы

